

Талғар ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 13 мамырдағы N 17-87 шешімі. Алматы облысының әділет департаментімен 2013 жылы 30 мамырда N 2360 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі N 22-120 шешімімен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 27.09.2013 N 22-120 ш е ш і м і м е н .

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2005 жылдың 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабының 5-тармағына сәйкес, Талғар ауданының мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Талғар ауданының ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін бюджет қаражаты есебінен бес айлық есептік көрсеткіш көлемінде әлеуметтік к ө м е к б е р і л с і н .

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың тұрғындарды әлеуметтік қорғау, еңбек, білім, денсаулық, мәдениет, тіл және спорт жөніндегі т ұ р а қ т ы к о м и с с и я с ы н а жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*сессиясының төрағасы*

*Аудандық мәслихат  
Т.Юсупов*

*хатшысы*

*Аудандық мәслихат  
Д.Теберіков*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Талғар аудандық жұмыспен  
қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
Бүркітов Орынтай Шәріпұлы*

*басшысы  
13 мамыр 2013 жыл*